

- тестілеу өтетін аудиториялардың мобильді байланысты, мобильді және стационарлық интернетті, әр түрлі типтегі және әрекет ету радиусындағы спутниктік сигналды басу құрылғыларымен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізісін.

2. Ақпараттық технологиялар басқармасы (М.Даненов):

- Ұлттық біліктілік тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасы (Т.Ерсұлтанова) және Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімінен (Е.Сағымбай) тест тапсырмалары файлын HTML форматында және қалыптастырылған дұрыс жауаптар кодын, тест тапсырмаларының спецификациясын білім деңгейлері бойынша CD дискіде қабылдау-тапсыру актісі арқылы қабылдап алысын;

- «U-FUTURE» ЖШС-не тестілеуге арналған бағдарламалық жабдықтаманың сілтемесін әзірлеп, тапсырсын;

- «U-FUTURE» ЖШС-нің бағдарламашыларымен бірлесіп, Комиссия карауына келіп түскен өтініштердің электрондық бағдарламасын сүйемелдесін;

- Орталықтың 215-кабинетінде республикалық апелляциялық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) жұмысына қажетті 20 компьютермен және жергілікті желі, 4 принтермен қамтамасыз етсін;

- «U-FUTURE» ЖШС-не мен бірлесе отырып, емтихан өткізу бағдарлама жабдықтамасын компьютерлік оқиғаларға (*инцидент*) әрекет ететін алғашқы Қазақстандық жеке меншік орталығы арқылы тексеріп, талдау нәтижелерін (*бір тестіленушінің бірнеше рет тестілеуден өту фактісі болмауын, тестіленушілердің тестілеуден өткен компьютерлерінің IP адресстерінің тестілеу өткізу пункттеріндегі компьютерлердің IP адресстерінің сәйкестігін тексеру, басқа тест тапсырмаларының қолданылуы, скриншот жасау, тест тапсырмаларын жүктеп алу мүмкіндігін және т.б.*) алуды ұйымдастырсын.

3. Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімі (Е.Сағымбай) HTML форматтағы тест тапсырмалары файлын, қалыптастырылған дұрыс жауаптар кодын және тест тапсырмаларының спецификациясын Ақпараттық технологиялар басқармасына (М. Даненов) тапсырсын.

4. Ұлттық біліктілік тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасы (Т.Ерсұлтанова):

- педагогтерді аттестаттаудың бірінші кезеңі - Ұлттық біліктілік тестілеудің (*электронды форматта*) нәтижелерімен келіспеген аттестатталушы тұлғалардан түскен өтініштерді қарастырып, шешім шығару үшін құрылған Комиссия жұмысын Нұр-Сұлтан қаласында Орталық ғимаратында 2020 жылғы 2 маусым мен 15 тамыз аралығында ұйымдастырсын;

- Орталық қызметшілері Комиссия жұмысын сүйемелдесін;

- Комиссия жұмысын Орталықтың 215 кабинетінде өткізсін;

- осы бұйрықтың 2 - қосымшасына сәйкес Комиссия мүшелерімен қызмет көрсету шарттарын жасасын;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы №228 бұйрығының 7 тармағы 3) тармақшасына сәйкес Комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін қорытынды есепті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім комитетіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беру департаментіне жіберсін.

5. Қаржы басқармасы (А.Егимбаева):

Осы бұйрықтың:

2-қосымшасына сәйкес 2020 жылы педагогтерді аттестаттаудың бірінші кезеңі - Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу үшін бағытталған Комиссия мүшелерінің іссапар шығындарын және еңбек ақыларын қызметті орындау актісі негізінде 099 «Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы, 113 «Білім сапасына сырттай бағалау жүргізу» кіші бағдарламасы есебінен;

3-қосымшасына сәйкес 098 "Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы, 102 " Мектепке дейінгі білім беру саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы есебінен;

4-қосымшасына сәйкес 203 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» республикалық бюджеттік бағдарламасы, 109 «Техникалық және кәсіптік білім беру сапасына сырттай бағалау жүргізу» кіші бағдарламасы есебінен 2020 жылға арналған қаржыландыру есебінен төлесін.

6. Шаруашылық басқармасы (А.Артыков):

- Комиссия мүшелерін кабинетпен және осы бұйрықтың 5 - қосымшасына сәйкес қажетті кеңсе құралдарымен қамтамасыз етсін;

- Ұлттық біліктілік тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасымен (Т.Ерсұлтанова) бірлесіп, денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID – 19 коронавирустық инфекциясы таралуының алдын алу үшін, сондай-ақ бірінші кезекте Комиссия мүшелері мен Орталық қызметшілерінің өмірі мен денсаулығын сақтау жағдайларын қарастыру мақсатында жұмыс жасап отырған кабинетте ылғалды тазалау жұмыстарының жиі жүргізілуін, екі метрден кем емес ара қашықтықтың сақталуын және санитарлық-дезинфекциялық режимді қамтамасыз етсін;

- Орталық қызметшілерін тестілеу аяқталғаннан кейін *(Комиссия жұмысын ұйымдастыру, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б. жұмыстарды орындаған)* үйлеріне тасымалдау үшін көлікпен қамтамасыз етсін.

7. Директордың орынбасарлары (Н.Дидарбекова, А.Буркитбаев, А.Искакова) өз құзіретінде жүктелген іс-шаралардың атқарылуын қамтамасыз етсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы №228 бұйрығы.

Директор



Д. Смағұлов